

"Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі міндетін атқарушысының 2014 жылғы 28 қазандағы № 56 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2025 жылғы 19 маусымдағы № 98 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі міндетін атқарушысының 2014 жылғы 28 қазандағы № 56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9902 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушы

С. Жарасбаев

Бұйрығына қосымша

Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптары (бұдан әрі – Нормалар мен талаптар) Спорт түрлерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) кіретін спорт түрлері бойынша тиісті спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру үшін орындалуы қажет нормалар мен талаптарды орнатады.

2. Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру тәртібі Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі № 300 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9675 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидаларын, сондай-ақ олардың сипаттамасымен айқындалады.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын Тізілімге кіретін спорт түрі бойынша талаптар және (немесе) нормалар бір рет орындалған жағдайда береді.

4. Спорттық атақ және разрядты беру үшін Нормалар мен талаптарға сәйкес негіздеме болып табылады:

- 1) спорт жарысында бекітілген орын алу (талаптар);
- 2) спорттық атақтар мен разрядтарды алу үшін орындалуы тиіс көрсеткіштер (нормалар).

2-бөлім. Спорттық атақтарды және разрядтарды беру нормалары мен талаптары

1-тарау. Олимпиадалық спорт түрлері

5. Жазғы олимпиадалық спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарына тиісті қосымшаларында жазылған:

- 1) "академиялық есу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарына 1-қосымшаға сәйкес;

- 2) "ат спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) "ауыр атлетика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 3-қосымшаға сәйкес;
- 4) "ашық суда жүзу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 4-қосымшаға сәйкес;
- 5) "әйелдер күресі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 5-қосымшаға сәйкес;
- 6) "әртістік жүзу (үйлесімді жүзу)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 6-қосымшаға сәйкес;
- 7) "бадминтон" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 7-қосымшаға сәйкес;
- 8) "байдарка мен каноэде есу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 8-қосымшаға сәйкес;
- 9) "баскетбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 9-қосымшаға сәйкес;
- 10) "баскетбол 3х3" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 10-қосымшаға сәйкес;
- 11) "батуттық гимнастика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 11-қосымшаға сәйкес;
- 12) "бокс" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 12-қосымшаға сәйкес;
- 13) "брейкинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 13-қосымшаға сәйкес;
- 14) "велосипед спорты (шоссе)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 14-қосымшаға сәйкес;
- 15) "велосипедтік мотокросс (BMX)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 15-қосымшаға сәйкес;
- 16) "велотрек" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 16-қосымшаға сәйкес;
- 17) "гольф" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 17-қосымшаға сәйкес;
- 18) "грек-рим күресі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 18-қосымшаға сәйкес;
- 19) "дзюдо" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 19-қосымшаға сәйкес;
- 20) "еркін күрес" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 20-қосымшаға сәйкес;
- 21) "есу слаломы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 21-қосымшаға сәйкес;
- 22) "жағажай волейболы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 22-қосымшаға сәйкес;
- 23) "желкенді қайық спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 23-қосымшаға сәйкес;
- 24) "жеңіл атлетика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 24-қосымшаға сәйкес;
- 25) "жүзу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 25-қосымшаға сәйкес;

26) "классикалық волейбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 26-қосымшаға сәйкес;

27) "көгалдағы хоккей" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 27-қосымшаға сәйкес;

28) "көркем гимнастика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 28-қосымшаға сәйкес;

29) "қазіргі бессайыс" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 29-қосымшаға сәйкес;

30) "қол добы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 30-қосымшаға сәйкес;

31) "маунтинбайк" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 31-қосымшаға сәйкес;

32) "нысана көздеу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 32-қосымшаға сәйкес;

33) "регби 7" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 33-қосымшаға сәйкес;

34) "садақ ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 34-қосымшаға сәйкес;

35) "семсерлесу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 35-қосымшаға сәйкес;

36) "скейтбординг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 36-қосымшаға сәйкес;

37) "спорттық гимнастика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 37-қосымшаға сәйкес;

38) "спорттық құзға өрмелеу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 38-қосымшаға сәйкес;

39) "стенд ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 39-қосымшаға сәйкес;

40) "су добы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 40-қосымшаға сәйкес;

41) "суға секіру" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 41-қосымшаға сәйкес;

42) "таеквондо WT" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 42-қосымшаға сәйкес;

43) "теннис" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 43-қосымшаға сәйкес;

44) "триатлон" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 44-қосымшаға сәйкес;

45) "үстел теннисі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 45-қосымшаға сәйкес;

46) "футбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 46-қосымшаға сәйкес;

6. Қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Нормалар мен талаптарға тиісті қосымшаларында жазылған:

1) "биатлон" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 47-қосымшаға сәйкес;

2) "керлинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 48-қосымшаға сәйкес;

- 3) "конькимен жүгіру спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 49-қосымшаға сәйкес;
- 4) "конькимен мәнерлеп сырғанау" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 50-қосымшаға сәйкес;
- 5) "ски-альминизм" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 51-қосымшаға сәйкес;
- 6) "сноуборд" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 52-қосымшаға сәйкес;
- 7) "тау шаңғысы спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 53-қосымшаға сәйкес;
- 8) "фристайл" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 54-қосымшаға сәйкес;
- 9) "шайбалы хоккей" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 55-қосымшаға сәйкес;
- 10) "шаңғы жарыстары" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 56-қосымшаға сәйкес;
- 11) "шаңғы қоссайысы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 57-қосымшаға сәйкес;
- 12) "шаңғымен тұғырдан секіру" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 58-қосымшаға сәйкес;
- 13) "шорт-трек" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 59-қосымшаға сәйкес.

2-тарау. Паралимпиадалық спорт түрлері

7. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Нормалар мен талаптарға тиісті қосымшаларында жазылған:

- 1) "бочча" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 60-қосымшаға сәйкес;
- 2) "волейболды отырып ойнау" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 61-қосымшаға сәйкес;
- 3) "голбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 62-қосымшаға сәйкес;
- 4) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған баскетбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 63-қосымшаға сәйкес;
- 5) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған велоспорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 64-қосымшаға сәйкес;
- 6) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған жеңіл атлетика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 65-қосымшаға сәйкес;
- 7) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған жүзу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 66-қосымшаға сәйкес;
- 8) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған теннис" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 67-қосымшаға сәйкес;

9) "интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған үстел теннисі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 68-қосымшаға сәйкес;

10) "мұздағы пара хоккей" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 69-қосымшаға сәйкес;

11) "пара би спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 70-қосымшаға сәйкес;

12) "пара велоспорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 71-қосымшаға сәйкес;

13) "пара дзюдо" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 72-қосымшаға сәйкес;

14) "пара қол күресі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 73-қосымшаға сәйкес;

15) "пара пауэрлифтинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 74-қосымшаға сәйкес;

16) "пара садақ ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 75-қосымшаға сәйкес;

17) "пара үстел теннисі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 76-қосымшаға сәйкес;

18) "пара каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 77-қосымшаға сәйкес;

19) "паралимпиадалық мәнерлеп жүру" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 78-қосымшаға сәйкес;

20) "соқырлар үшін үстел теннис (шоудаун)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 79-қосымшаға сәйкес.

3-тарау. Сурдлимпиадалық спорт түрлері

8. Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Нормалар мен талаптарға тиісті қосымшаларында жазылған:

1) "есту қабілеті бұзылған спортшылар үшін дзюдо" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 80-қосымшаға сәйкес;

2) "есту қабілеті зақымданған спортшылар арасындағы футбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 81 қосымшаға сәйкес;

3) "есту қабілеті зақымданған спортшылар арасындағы футзал" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 82-қосымшаға сәйкес;

4) "есту қабілеті зақымданған спортшылар арасындағы шахмат" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 83-қосымшаға сәйкес;

5) "сурдо таеквондо WT" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 84-қосымшаға сәйкес.

4-тарау. Ұлттық спорт түрлері

9. Ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Нормалар мен талаптарға тиісті қосымшаларында жазылған:

- 1) "асық ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 85-қосымшаға сәйкес;
- 2) "аударыспақ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 86-қосымшаға сәйкес;
- 3) "бәйге" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 87-қосымшаға сәйкес;
- 4) "дәстүрлі садақ ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 88-қосымшаға сәйкес.
- 5) "жамбы ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 89-қосымшаға сәйкес ;
- 6) "жаппай көкпар" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 90-қосымшаға сәйкес;
- 7) "жеке-жеке" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 91-қосымшаға сәйкес;
- 8) "көкпар" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 92-қосымшаға сәйкес;
- 9) "қазақ күресі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 93-қосымшаға сәйкес;
- 10) "құсбегілік" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 94-қосымшаға сәйкес ;
- 11) "теңге ілу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 95-қосымшаға сәйкес;
- 12) "тоғызқұмалақ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 96-қосымшаға сәйкес.

5-тарау. Олимпиадалық емес спорт түрлері

10. Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша спорттық атақтар және разрядтарды беру нормалары мен талаптары Нормалар мен талаптарға тиісті қосымшаларында жазылған:

- 1) "kyokushin Budokai Karate – КҰкушинБудокай Каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 97-қосымшаға сәйкес;
- 2) "NOMAD MMA" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 98-қосымшаға сәйкес;
- 3) "авиация спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 99-қосымшаға сәйкес;
- 4) "автомотоспорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 100-қосымшаға сәйкес;
- 5) "альпинизм" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 101-қосымшаға сәйкес;

- 6) "американдық футбол" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 102-қосымшаға сәйкес;
- 7) "ашихара-каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 103-қосымшаға сәйкес;
- 8) "аэробты гимнастика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 104-қосымшаға сәйкес;
- 9) "белбеу күрес" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 105-қосымшаға сәйкес;
- 10) "би спорты (спорттық би, қазіргі заманғы би, спорттық-би хореографиясы)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 106-қосымшаға сәйкес;
- 11) "биатл" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 107-қосымшаға сәйкес;
- 12) "бильярд" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 108-қосымшаға сәйкес;
- 13) "бирма боксы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 109-қосымшаға сәйкес;
- 14) "бодибилдинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 110-қосымшаға сәйкес;
- 15) "вармитинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 111-қосымшаға сәйкес;
- 16) "гір спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 112-қосымшаға сәйкес;
- 17) "грэпплинг (AIGA нұсқасы)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 113-қосымшаға сәйкес;
- 18) "грэпплинг UWW" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 114-қосымшаға сәйкес;
- 19) "делбеші спорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 115-қосымшаға сәйкес;
- 20) "джиу-джитсу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 116-қосымшаға сәйкес;
- 21) "дойбы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 117-қосымшаға сәйкес;
- 22) "допты хоккей" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 118-қосымшаға сәйкес;
- 23) "жағажай футболы" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 119-қосымшаға сәйкес;
- 24) "жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлері (MMA)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 120-қосымшаға сәйкес;
- 25) "индорхоккей" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 121-қосымшаға сәйкес;
- 26) "каратэ (WKF)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 122-қосымшаға сәйкес;

- 27) "каратэ-до кЎкушинкай" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 123-қосымшаға сәйкес;
- 28) "каратэ-до шотокан" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 124-қосымшаға сәйкес;
- 29) "кЎкусин-кан каратэ-до" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 125-қосымшаға сәйкес;
- 30) "кекушинкай каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 126-қосымшаға сәйкес;
- 31) "кеме модельдеу спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 127-қосымшаға сәйкес;
- 32) "киберспорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 128-қосымшаға сәйкес;
- 33) "кикбоксинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 129-қосымшаға сәйкес;
- 34) "киокушинкай-кан каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 130-қосымшаға сәйкес;
- 35) "комбат дзю-дзюцу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 131-қосымшаға сәйкес;
- 36) "қол күресі" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 132-қосымшаға сәйкес;
- 37) "қоян-қолтық ұрыс" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 133-қосымшаға сәйкес;
- 38) "мейбукан Годзю-рю карате-до" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 134-қосымшаға сәйкес;
- 39) "муайтай (муай, тай боксы)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 135-қосымшаға сәйкес;
- 40) "өрт сөндіру және өрттен құтқару" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 136-қосымшаға сәйкес;
- 41) "падел (padel)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 137-қосымшаға сәйкес;
- 42) "панкратион" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 138-қосымшаға сәйкес;
- 43) "пауэрлифтинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 139-қосымшаға сәйкес;
- 44) "пенчак силат" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 140-қосымшаға сәйкес;
- 45) "петанк" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 141-қосымшаға сәйкес;
- 46) "пилондағы спорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 142-қосымшаға сәйкес;

- 47) "президенттік көпсайыс (Полиатлон)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 143-қосымшаға сәйкес;
- 48) "радиоспорт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 144-қосымшаға сәйкес;
- 49) "регби 15" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 145-қосымшаға сәйкес ;
- 50) "снайпинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 146-қосымшаға сәйкес;
- 51) "спортинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 147-қосымшаға сәйкес;
- 52) "спорттық акробатика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 148-қосымшаға сәйкес;
- 53) "спорттық бағдарлау" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 149-қосымшаға сәйкес;
- 54) "спорттық балық аулау" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 150-қосымшаға сәйкес;
- 55) "спорттық самбо және жауынгерлік самбо" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 151-қосымшаға сәйкес;
- 56) "су асты спорты" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 152-қосымшаға сәйкес;
- 57) "таеквон-до GTF" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 153-қосымшаға сәйкес;
- 58) "таэквондо ИТФ (I.T.F.)" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 154-қосымшаға сәйкес;
- 59) "тәжірибелік ату" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 155-қосымшаға сәйкес;
- 60) "триатл" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 156-қосымшаға сәйкес;
- 61) "унифайт" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 157-қосымшаға сәйкес ;
- 62) "ушу" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 158-қосымшаға сәйкес;
- 63) "футзал" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 159-қосымшаға сәйкес;
- 64) "черлидинг" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 160-қосымшаға сәйкес;
- 65) "шахмат" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 161-қосымшаға сәйкес;
- 66) "шинкиокушинкай каратэ" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 162-қосымшаға сәйкес;
- 67) "эстетикалық топтық гимнастика" спорт түрі бойынша Нормалар мен талаптарға 163-қосымшаға сәйкес.

2-бөлім. Жаттықтырушылар, спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушылар, дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскерлер, нұсқаушы-спортшылар және спорт төрешілерінің біліктілік санаттарына қойылатын талаптар

6-тарау. Жаттықтырушы, спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы

11. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрлар даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман лауазымы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл:

Олимпиада немесе Сурдлимпиада немесе Паралимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 1-3 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының ұлттық командасына үш спортшы дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жастар ұлттық командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жасөспірімдер ұлттық командасына бес спортшы дайындау;

немесе Қазақстан Республикасы ұлттық командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретіндегі жаттықтырушылық-оқытушылық жұмысы кемінде 3 (үш) жыл.

12. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрлар даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша "Дене

шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман мамандығы бойынша кемінде 2 (екі) жыл жұмыс өтілі;

Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарының (жазғы, қысқы) бір қатысушысын дайындау;

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 4-6 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 6-7 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының Спартакиадасында немесе Қазақстан Республикасының Универсиадасында (жазғы, қысқы) 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының ұлттық командасына екі спортшы дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жастар ұлттық командасына үш спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жасөспірімдер ұлттық командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе одан әрі жетілдіру үшін төрт спортшыны республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернаттарға-олимпиадалық резервтегі колледждеріне және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарына тапсыру;

немесе Қазақстан Республикасы ұлттық командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде жаттықтырушылық-оқытушылық жұмысы кемінде бір жыл;

немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органда немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы.

13. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар және біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі:

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 7-8 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 7-8 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 4-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 8-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының Спартакиадасында немесе Қазақстан Республикасының Универсиадасында (жазғы, қысқы) 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) құрама командасына үш спортшыны дайындау;

немесе одан әрі жетілдіру үшін екі спортшыны республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернаттарға-олимпиадалық резервтегі колледждеріне және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарына тапсыру;

немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органда немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы;

немесе "Қазақстан Республикасының спорт шебері" атағынан төмен емес спорттық атақтың болуы.

14. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және бірінші санатты біліктілігі орта деңгейдегі маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл:

Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 1-3 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында немесе Жасөспірімдер Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының ұлттық командасына үш спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жастар ұлттық командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жасөспірімдер ұлттық командасына бес спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасы ұлттық командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретіндегі жаттықтырушылық-оқытушылық жұмысы кемінде 3 (үш) жыл.

15. Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі біліктілік деңгейіндегі бірінші санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде екі жыл:

Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарының (жазғы, қысқы) бір қатысушысын дайындау;

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 4-6 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 6-7 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында немесе Жасөспірімдер Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының Спартакиадасында немесе Қазақстан Республикасының Универсиадасында (жазғы, қысқы) 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының ұлттық командасына екі спортшы дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жастар ұлттық командасына үш спортшыны дайындау;

немесе Қазақстан Республикасының жасөспірімдер ұлттық командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе одан әрі жетілдіру үшін төрт спортшыны республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернаттарға-олимпиадалық резервтегі колледждеріне және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарына тапсыру;

немесе Қазақстан Республикасы ұлттық командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде жаттықтырушылық-оқытушылық жұмысы кемінде бір жыл;

немесе дене шынықтыру саласындағы уәкілетті органда немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органда кемінде 2 (екі) жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы.

16. Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл:

немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында 7-8 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында немесе Дүниежүзілік Универсиадада (жазғы, қысқы) 7-8 орын алған немесе студенттер арасында Әлем чемпионатында 4-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жас топтары арасында Әлем чемпионатында немесе Азия чемпионатында 8-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Қазақстан Республикасының Спартакиадасында немесе Қазақстан Республикасының Универсиадасында (жазғы, қысқы) 2-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) құрама командасына үш спортшы даярлау;

немесе одан әрі жетілдіру үшін екі спортшыны республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға мамандандырылған мектеп-интернаттарға-олимпиадалық резервтегі колледждерге және облыстық, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарға тапсыру;

немесе дене шынықтыру саласындағы уәкілетті органда немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы;

немесе "Қазақстан Республикасының спорт шебері" атағынан төмен емес спорттық атақтың болуы.

7-тарау. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер

17. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар, жұмыс тәжірибесіне енгізілген әдістемелік әзірлемелердің болуы, оның ішінде:

мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл;

немесе жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмыс кемінде 3 (үш) жыл;

немесе біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты спорт дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл;

немесе жоғары спорт шеберлігі мектептерінде ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмыс, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында 3 (үш) жыл бойы оқытушылық жұмыс;

немесе дене шынықтыру саласындағы уәкілетті органда немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органда кемінде 2 (екі) жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы.

18. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары және (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы

бойынша педагогикалық ғылымдар және екінші санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 2 (екі) жыл;

немесе 2 (екі) жылдан кем емес жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмысы;

немесе біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты спорт дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

немесе жоғары спорт шеберлігі мектептеріндегі ұйымдастыру-әдістемелік және басшылық жұмыс, 2 (екі) жыл бойы жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы оқытушылық жұмысы;

немесе 2 (екі) жыл ішінде республикалық және облыстық уәкілетті органдарда ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмыс.

19. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары және (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар және біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде бір жыл;

немесе жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмыс кемінде бір жыл;

немесе біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ спорт дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі.

20. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жұмыс тәжірибесіне енгізілген әдістемелік әзірлемелердің болуы, оның ішінде:

бірінші санатты біліктілігі орта деңгейдегі маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл;

немесе оқу орындарында дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмыс кемінде 3 (үш) жыл;

немесе бірінші санаттағы біліктілігі орта деңгейдегі спорт дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл;

немесе жоғары спорт шеберлігі мектептерінде ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмыс, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында 3 (үш) жыл бойы оқытушылық жұмыс;

немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық және облыстық уәкілетті органдарда 3 (үш) жыл бойы ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмысы.

21. Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 (екі) жыл;

немесе дене шынықтыру және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмыс кемінде 2 (екі) жыл;

немесе екінші санаттағы біліктілігі орта деңгейдегі спорт дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

немесе 2 (екі) жыл бойы жоғары спорт шеберлігі мектептерінде ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмысы;

немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық және облыстық уәкілетті органдарда 2 (екі) жыл бойы ұйымдастырушылық-әдістемелік және басшылық жұмысы.

22. Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл;

немесе бір жылдан кем емес оқу орындарында дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар саласындағы ғылыми-оқытушылық жұмысы;

немесе біліктілігі орта деңгейдегі спорт бойынша санаты жоқ дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл.

8-тарау. Нұсқаушы-спортшы

23. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы.

Кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі): "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім немесе Қазақстан Республикасының спорт түрі (түрлері) бойынша ұлттық командасының құрамына қабылданған кезінде жұмыс өтіліне талаптар қоймастан жалпы орта білім, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы ұлттық командасының құрамында Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-6 орын алу;

немесе Әлем чемпионатында 1-3 орын немесе Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында немесе Азия чемпионатында 1-2 орын немесе олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлерінен Әлем кубогінің финалында 1 орын.

24. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы.

Кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі): "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім немесе Қазақстан Республикасының спорт түрі (түрлері) бойынша ұлттық командасының құрамына қабылданған кезінде жұмыс өтіліне талаптар қоймастан жалпы орта білім, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы ұлттық командасының құрамында Әлем чемпионатында 4-6 орын алу;

немесе Азия чемпионатында 1-3 орын, Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Азия-Тынық мұхиты ойындарында немесе Азия чемпионатында 3-5 орын;

немесе жастар арасындағы Әлем чемпионатында 1-3 орын, олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлерінен жастар арасындағы Азия чемпионатында 1 орын, олимпиадалық емес спорт түрлерінен Әлем чемпионатында 1-3 орын немесе олимпиадалық емес спорт түрлерінен Азия чемпионатында 1 орын.

25. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы.

Кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі): "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім немесе Қазақстан Республикасының спорт түрі (түрлері) бойынша ұлттық командасының құрамына қабылданған кезінде жұмыс өтілге талаптар қоймастан жалпы орта білім.

9-тарау. Спорт төрешісі

26. Жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі.

Жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі - кемінде 3 (үш) жыл "ұлттық спорт төрешісі" санаты бар және келесі талаптарды орындаған төрешілерге беріледі:

1) Қазақстан Республикасының кемінде он чемпионатының спорт түрі бойынша төрешілік ету практикасына ие болуға және аға, бас төреші немесе төрешілер алқасы мүшесінің міндеттерін орындауға міндетті;

2) "Жоғары санатты ұлттық спорт төрешісін" даярлау жөніндегі семинарлардан өткені туралы екі сертификаттың болуы.

27. Ұлттық спорт төрешісі.

Ұлттық спорт төрешісі - кемінде 3 (үш) жыл "Бірінші санатты спорт төрешісі" санаты бар және мынадай талаптарды орындаған төрешілерге беріледі:

1) Қазақстан Республикасының кемінде жеті чемпионатының спорт түрі бойынша төрешілік ету практикасына ие болуға және аға, бас төреші немесе төрешілер алқасы мүшесінің міндеттерін орындауға міндетті;

2) "Спорт жөніндегі ұлттық төрешіні" даярлау жөніндегі семинарлардан өткені туралы екі сертификаттың болуы.

28. Бірінші санатты спорт төрешісі.

Бірінші санатты спорт төрешісі - кемінде 2 (екі) жыл "Спорт төрешісі" санаты бар және мынадай талаптарды орындаған төрешілерге беріледі:

1) облыстық ауқымдағы кемінде бес жарыстың спорт түрі бойынша төрешілік ету практикасына ие болуға және аға, бас төрешісі немесе төрешілер алқасы мүшесінің міндеттерін орындауға міндетті;

2) "Бірінші санатты спорт төрешісін" даярлау бойынша семинардан өткені туралы сертификаты болуы.

29. Спорт төрешісі.

Спорт төрешісі-аудандық, қалалық ауқымдағы жеті жарыста спорт түрі бойынша кемінде бір жыл спорт төрешілік ету тәжірибесі бар 16 жастағы және одан үлкен жастағы адамдарға беріледі.

3-бөлім. "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтарын беру талаптары

1-тарау. "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері"

30. Тізілімге енгізілген олимпиадалық, паралимпидалық және сурдлимпидалық спорт түрлері бойынша "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" спорттық атағы келесі талаптардың бірін орындаған спортшыларға беріледі:

ересектер арасындағы Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-3 орын;

немесе ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1-2 орын немесе екі рет 3 орын алу;

ойын спорт түрлері бойынша ақтық жарысқа шығу:

Олимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Әлем чемпионатында, футболдан УЕФА Чемпиондар лигасының (UEFA) немесе УЕФА Еуропа лигасының (UEFA) топтық турнирінде, теннистен Девис Кубогінің финалына шығу.

31. Тізілімге енгізілген ұлттық спорт түрлері бойынша "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" спорттық атағы жарыстарға тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген шартқа сәйкес кемінде 10 елдің (тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген әр спорт саласы немесе әр салмақ санатында және кемінде 3 жекпе-жек өткізген жағдайда, егер де бұл шарт тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген болса) өкілдері қатысқан жағдайда келесі талаптардың бірін орындаған спортшыларға беріледі:

ересектер арасындағы Әлем чемпионатында екі рет 1 орын алу.

32. Тізілімге енгізілген олимпиадалық емес, паралимпиадалық емес, техникалық спорт түрлері бойынша "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" спорттық атағы жарыстарға тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген шартқа сәйкес кемінде 20 елдің өкілдері қатысқан жағдайда (тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген әр спорт саласы немесе әр салмақ санатында және кемінде 3 жекпе-жек өткізген жағдайда, егер де бұл шарт тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген болса) келесі талаптардың бірін орындаған спортшыларға беріледі:

ересектер арасындағы Әлем чемпионатында екі рет 1 орын алу;

немесе ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1 орын және Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1 орын алу;

немесе ересектер арасындағы шахматтан Әлем чемпионатында немесе ересектер арасындағы Шахмат олимпиадасында 1-2 орын алу.

2-тарау. "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы"

33. Бір спортшы үшін спорттық атақ бір мезгілде спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық командалардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) тізіміне сәйкес спортшының бірінші және жеке жаттықтырушысына беріледі.

Тізімде бірінші және (немесе) жеке жаттықтырушының тегі болмаған жағдайда дене шынықтыру-спорт ұйымы (бірінші және (немесе) жеке жаттықтырушының спортшылармен жұмыс өтілін растау үшін) бұйрықтарының көшірмелері ұсынылады;

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атағы Тізімге сәйкес спортшымен (спортшылармен) кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істегені үшін беріледі;

немесе Тізімде кемінде бір жыл болған жағдайда дене шынықтыру-спорт ұйымы бұйрықтарының көшірмелері (бірінші және (немесе) жеке жаттықтырушының спортшылармен жұмыс өтілін растау үшін) және спортшының нотариалды куәландырылған келісімі және анықтама (спорт түрі бойынша ұлттық аккредиттелген спорт федерациясынан) ұсынылады және Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша осы талаптардың 36, 37 және 38-тармақтарында белгіленген талаптардың бірін орындағаны (орындағаны) үшін беріледі.

34. Спортшы белгіленген талаптарды қайта орындаған жағдайда "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атағы Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша осы талаптардың 33-тармағына сәйкес Тізімге сәйкес басқа жаттықтырушыға беріледі.

35. Қазақстан Республикасы ұлттық немесе штаттық ұлттық командасының спортшысы тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша осы талаптардың 36, 37 және 38 -тармақтарында белгіленген талаптардың бірін орындаған кезде "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атағы осы лауазымда

кемінде 4 (төрт) жыл (олимпиадалық, паралимпиадалық және сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша – кемінде 2 (екі) жыл) жұмыс өтілі бар бас жаттықтырушыға беріледі.

36. Тізілімге енгізілген олимпиадалық, паралимпиадалық және сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша келесі талаптардың бірін орындау:

ересектер арасындағы Олимпиада немесе Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1-2 орын немесе екі рет 3 орын алған;

немесе еркін, әйелдер және грек-рим күресі бойынша 23 жасқа дейінгі Әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасында Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1 орын алған бір спортшыны даярлау;

ойын спорт түрлері бойынша ақтық жарысқа шығу:

Олимпиада ойындарында (жазғы, қысқы) немесе Әлем чемпионатында, футболдан УЕФА Чемпиондар лигасының (UEFA) немесе УЕФА Еуропа лигасының (UEFA) топтық турнирінде, теннистен Девис Кубогінің финалдық бөлімге шығу;

немесе ересектер арасында Азия немесе Пара Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1 орын алған бір спортшыны даярлау.

37. Тізілімге енгізілген ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген шартқа сәйкес кемінде 10 ел өкілдерінің қатысқан жағдайда (тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген әр спорт саласы немесе әр салмақ санатында және кемінде 3 жекпе-жек өткізген жағдайда, егер де бұл шарт тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген болса) келесі талаптардың бірін орындаған спортшыларға беріледі:

ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1 орын алған екі спортшыны немесе екі рет 1 орын алған бір спортшыны дайындау.

38. Олимпиадалық емес, паралимпиадалық емес, техникалық спорт түрлері бойынша Тізілімге енгізілген спорт түрлері бойынша жарыстарға тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген шартқа сәйкес кемінде 20 ел өкілдері қатысқан жағдайда (әр спорт саласы немесе әр салмақ санатында) (тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген әр спорт саласы немесе әр салмақ санатында және кемінде 3 жекпе-жек өткізген жағдайда, егер де бұл шарт тиісті спорт түрі бойынша қосымшада көрсетілген болса) келесі талаптардың бірін орындаған спортшыларға беріледі:

ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1 орын алған екі спортшыны немесе екі рет 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасындағы Азия ойындарында (жазғы, қысқы) 1 орын алған екі спортшыны немесе екі рет 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасындағы Әлем чемпионатында 1 орын және Азия ойындарында (жазғы, қысқы) бір спортшыны дайындау;

немесе ересектер арасындағы шахматтан Әлем чемпионатында немесе Шахмат олимпиадасында 1-2 орын алған бір спортшыны дайындау.

Ескерту:

АЧ - Азия чемпионаты;

ӘЧ - Әлем чемпионаты;

ӘК - Әлем Кубогы;

БЖСМ - балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі;

ЖХЛ және КХЛ-Жоғары хоккей лигасы және континентальды хоккей лигасы;

Жө. - жасөспірімдер разрядтары;

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;

ҚРЧ - Қазақстан Республикасының чемпионаты;

ҚРК - Қазақстан Республикасының Кубогы;

ҚРС - Қазақстан Республикасының спартакиадасы;

ЕССШ - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері;

ХДСШ - Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері;

СШ - Қазақстан Республикасының спорт шебері;

СШҮ - Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер;

ОО - Олимпиада ойындары;

ОРМБЖМ - олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі;

БЖСМ- Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі;

ЖСШМ - Жоғары спорт шеберлігі мектептері;

ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;

УЕФА (UEFA) – Еуропалық футбол қауымдастығы одағы;

ЖСҰСТ – Жоғарғы саннаты ұлттық спорт төрешісі;

ҰСТ - ұлттық спорт төрешісі;

ХГФ (FIG) - Federation Internationale de Gymnastique - Халықаралық гимнастика федерациясы;

ДДФ - Дүниежүзілік дойбы федерациясы (Federation mondiale du Jeu de Dames);

ХТ - халықаралық турнир;

ӘКК - Әлем кубогының кезеңі;

ХСАФИФСМ (IFSM) - Халықаралық спорттық альпинизм федерациясы;

КЮР - музыкалық сүйемелдеу үшін міндетті жаттығулары бар еркін киіну бағдарламасы;

Па–Де–де - халықаралық киіну турнирлеріндегі жеке жарыс, онда жарыс алаңында екі жұп (шабандоз/ат) бар;

км. - километр;

м. - метр;

сек. - секунда;

мин. - минут;
гр.- грамм;
мм. - миллиметр;
кг. – килограмм.

Спорттық атақтар, спорттық
разрядтар және біліктілік
санаттарын беру нормалары
мен талаптарына
1-қосымша

Академиялық есу

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" спорттық атағын беруге қойылатын талаптар

№	Спорт жарысы	Орын
1	Ересектер арасындағы Олимпиада ойындары (жазғы)	4-8
2	Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты	3-8
3	Ересектер арасындағы Азия чемпионаты	1-3
